



Ы.АЛТЫНСАРИН ІЗБАСАРЛАРЫ

№05 (81)
Мамыр 2026 ж.



ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Ы.АЛТЫНСАРИН ІЗБАСАРЛАРЫ

Республикалық педагогикалық ғылыми-тәжірибелік журнал

№05 (81)
Мамыр 2026 ж.

2-БӨЛІМ

«Инновация» баспа үйі – 2026

1. Мырзахметов Ә.Ә. Инженерлік графика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2018.
2. Кудрявцев А.П. Инженерная графика. – Москва: Машиностроение, 2016.
3. ҚР Мемлекеттік стандарты (ГОСТ). Техникалық сызу стандарттары. – Астана, 2020.
4. Смагулов Б.К. Кәсіптік білім беру педагогикасы. – Алматы: Рауан, 2017.
5. Поплат Е.С. Современные образовательные технологии. – Москва: Академия, 2019.

IT МАМАНДЫҚТАРЫНДА HARD SKILLS ЖӘНЕ SOFT SKILLS DAҒДЫЛАРЫН ТЕНГЕРІМДІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ



*Өміржан Линара Мирланқызы
Арнайы пәндер оқытушысы
«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
Алматы қаласы Әуезов ауданы.*

Аннотация

Мақалада заманауи IT саласындағы мамандарды даярлауда кәсіби (hard skills) және тұлғалық (soft skills) дағдыларды тенгерімді дамыту мәселесі қарастырылады. Бүгінгі таңда тек код жазу немесе желіні баптау біліктілігі жеткіліксіз, сондықтан маманның икемділік қасиеттерін арттырудың өзектілігі негізделген. Зерттеу барысында колледж студенттерінің білім беру процесіне жобалық оқыту және командалық жұмыс әдістері интеграцияланды. Тәжірибе нәтижесі көрсеткендей, қос дағдыны қатар меңгеру болашақ IT мамандарының еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады. Қорытындылай келе, техникалық білім мен коммуникациялық дағдылардың синтезі маман даярлаудың негізгі шарты болып табылады.

Түйін сөздер: IT мамандықтары, hard skills, soft skills, тенгерімді дамыту, жобалық оқыту, командалық жұмыс, бәсекеге қабілеттілік.

Қазіргі цифрлық трансформация дәуірінде ақпараттық технологиялар саласы аса жоғары қарқынмен дамып келеді. Осыған байланысты, IT мамандарын даярлайтын білім беру мекемелерінің алдында тек техникалық шеберлікті емес, сонымен бірге тұлғалық қасиеттерді де қатар дамыту міндеті тұр. Кәсіби ортада «hard skills» деп аталатын қатты дағдылар – бағдарламалау тілдерін білу, деректер қорын басқару, желілік технологиялар мен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты тікелей техникалық міндеттерді орындауға қажетті білім жиынтығы. Алайда, тек қана жоғары деңгейлі код жазу қабілеті маманның мансалтық өсуі мен жобаның сәтті аяқталуына толық кепілдік бере алмайды.

Заманауи зерттеулер мен еңбек нарығының талдаулары көрсеткендей, IT жобаларының сәтсіздікке ұшырауының басты себебі көбіне техникалық қателіктер емес, команда ішіндегі түсініспеушіліктерден туындайды. Осы орайда «soft skills» немесе жұмсақ дағдылардың маңызы артады. Бұл топқа коммуникация орната алу, командада жұмыс істеу, сыни ойлау, уақытты басқару және проблемаларды шешу қабілеттері жатады. «Қазіргі маман иесі тек өз саласының шебері болып қана қоймай, өзгелермен тиімді байланыс жасай алатын тұлға болуы тиіс» [1, 45 б.]. Осы екі дағдыны тенгерімді түрде дамыту – білім беру бағдарламаларының негізгі мақсатына айналуы қажет.

IT мамандықтарында қос дағдыны тенгерімді дамытудың ең тиімді жолы – жобалық оқыту (Project-Based Learning) әдісін енгізу. Бұл әдіс шеңберінде студенттер нақты өндірістік тапсырмаларды орындайды. Мысалы, Cisco Packet Tracer бағдарламасында күрделі желілік инфрақұрылымды (VLAN, OSPF, BGP) құру барысында студенттер жеке жұмыс істемей, топтарға бөлінеді. Мұндай тапсырмаларды орындау кезінде олар техникалық білімдерін қолданып қана қоймай, команда ішінде міндеттерді бөлісуді, пікірталас жүргізуді және ортақ шешімге келуді үйренеді. Бұл hard және soft skills дағдыларының табиғи түрде тоғысуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқу процесіне интерактивті және ойын элементтерін (gamification) енгізу де оң нәтиже береді. Веб-бағдарламалау (HTML, CSS, PHP) сабақтарында шағын хакатондар ұйымдастыру, студенттердің

өзіндік жобаларын қорғауы олардың көпшілік алдында сөйлеу, өз идеясын қорғай алу (presentation skills) қабілеттерін шындайды. Студент өзі жасаған веб-платформаны немесе бағдарламалық өнімді таныстыру барысында талсырыс берушімен тіл табысу мәдениетін меңгереді. Бұл олардың болашақта фриланс нарығында немесе ірі IT компанияларда бейімделіп кетуіне даңғыл жол салады.

Қорыта айтқанда, IT саласында тек Hard Skills деңгейі жоғары «окшауланған генийлердің» дәуірі артта қалып барады. Заманауи нарыққа техникалық сауаттылығы жоғары, сонымен бірге командада икемді жұмыс істей алатын, өзгерістерге тез бейімделгіш мамандар қажет [2]. Сондықтан, техникалық колледждердегі білім беру мазмұны қос дағдының балансын сақтауға бағытталуы тиіс. Техникалық талсырмалар мен әлеуметтік-психологиялық тренингтерді ұштастыра отырып оқыту – болашақ IT мамандарының кәсіби тұрғыда толыққанды қалыптасуының кепілі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұхамбетжанова С. Т., Иманбаева С. Т. Педагогикалық технологиялар және оқытудың тиімділігі. – Алматы, 2022. – 368 б.
2. Ибрагимова Г. К. Цифрлық заман және жұмыс дағдылары (Soft Skills) маңыздылығы // Білім берудегі жаңалықтар. – 2024. – №3. – 12-15 б.
3. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. IT мамандарының құзыреттілік моделі: Халықаралық тәжірибе. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.